

"Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бүйріғына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 шілдедегі № 319 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 шілдеде № 21029 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 5 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

9-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйріғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бүйріқ) бекітілген электрондық форматтағы 086-У нысандағы медициналық анықтаманы.

Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы Қағидалардың 4-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген адамдар шектеу іс-шараларының алынып тасталуына, төтенше жағдай әрекетінің тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына № 907 бүйріғымен бекітілген № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы ұсынады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Тұсушілер тестілеуге кіргізу барысында ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі.

Тұсушілердің жеке басын сәйкестендіру тестілеуге рұқсаттама мен жеке басын куәландыратын құжаты негізінде, ал жасы он алтыға толмаған адамдар ағымдағы жылы орта білім беру үйімін аяқтағаны туралы анықтама негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте, жеке басын куәландыратын құжаты немесе паспорты бар және өтінішті онлайн тіркелу жолымен автоматтандырылған жүйе арқылы берген тұсушілердің жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі және тестілеуге жіберіледі.

Тестілеуге кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады. Тестілеуге кіргізу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеу өткізу барысында тұсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа төмендегі тыйым салынған заттарды: ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған ұялы байланыстар, оның ішінде пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуки, плейерлер, модемдер (мобиЛЬДІ роутерлер), радио-электрондық байланыстың барлық түрлері, оның ішінде (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Дж), 4G (4 Дж), 5G (5 Дж), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және тағы басқаларды алғып кіруіне жол бермеу үшін қолданылады.

Тестілеуге кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар табылған жағдайда, Министрлік өкілі осы Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ҰБТ өткізу пунктінің ғимаратына кіргізу барысында металл іздегішпен тыйым салынған заттар табылған тестіленушіні ғимараттан шығару туралы" акт жасайды.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Тұсушілер аудиторияға бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте жеке басын растайтын құжат негізінде тұсушінің жеке басы, он алты жасқа толмаған тұсушілердің жеке басы анықтама негізінде сәйкестендіріледі, содан кейін рұқсаттама және рұқсаттама түбіртегі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салыстырылып тексеріледі.

Тұсушінің жеке басын сәйкестендіргеннен кейін аудиторияға кіргізуіне тыйым салынған заттардың, кез келген электрондық құрылғылардың (оның ішінде байланыс құралдары), баспа және қолжазба материалдарының бар-жоғына тексеру жүргізіледі.

Тыйым салынған заттарды аудиторияға алғып кіруге әрекет жасағаны немесе академиялық адалдығына күмән келтіретін әрекет белгілері анықталған жағдайда, осы Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

A. Аймагамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК